

ЦИТАТА ДНЯ

**Сауат МЫНБАЕВ,**  
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ  
АО «НК «ҚТЖ»:

**« ОТКРЫТОСТЬ  
К НЕПРЕРЫВ-  
НОМУ ПРОЦЕССУ  
ОБУЧЕНИЯ, РАЗВИ-  
ТИЮ ПРОФЕССИО-  
НАЛЬНЫХ КАЧЕСТВ  
И НАВЫКОВ – ЭТО  
КРЕДО СОТРУДНИКА  
СОВРЕМЕННОЙ ЭПО-  
ХИ, ЖЕЛАЮЩЕГО  
БЫТЬ КОНКУРЕНТО-  
СПОСОБНЫМ! »**

НОВОСТИ

ЦЕЛЕВЫЕ ПРОЦЕССЫ

В рамках реализации проекта «Внедрение новой модели управления техническим обслуживанием и ремонтами» Программы трансформации бизнеса АО «НК «ҚТЖ», на пилотном участке Павлодарского отделения магистральной сети (НЖС-3) прошло обучение специалистов новым бизнес-процессам по техническому обслуживанию и ремонтам железнодорожной инфраструктуры.

В ходе обучения рассмотрены ключевые отличия текущих процессов планирования, контроля выполнения и анализа показателей от целевых, а также влияние внедрения автоматизированной системы управления техническим обслуживанием и ремонтами (модуль SAPPM) на данные процессы.

Кроме того рассмотрены и обсуждены разработанные в рамках проекта стратегия ТОиР, целевая организационная структура, регламенты, методики и положения. На практических примерах разобраны такие темы, как планирование мероприятий ТОиР, риск-ориентированный подход к ТОиР, методики управления базами данных активов и нормативов, методика классификации активов, руководство по принятию решения о выборе способа выполнения работ: хозспособом или при помощи аутсорсинга.

Как сообщили в филиале АО «НК «ҚТЖ» – «Центр трансформации бизнеса», обучение на этапе реализации проекта ТОиР позволит подготовить ключевых пользователей пилотного участка НЖС-3 к внедрению целевых процессов ТОиР, что является важным условием для успешных изменений.

В рамках обучения новым процессам ключевые пользователи приобрели знания об основных направлениях проекта трансформации бизнеса в области ТОиР, обсудили завершающие шаги проекта, а также планы на следующий год.

Ключевые пользователи, в свою очередь, в рамках своей компетенции будут выполнять поддержку конечных пользователей в ходе дальнейшего внедрения.

Алмаз АКИШЕВ

**ПЛАН  
ПЕРЕВЫПОЛНЕН**

По итогам 11 месяцев 2018 года общий объем транзитных грузов через Казахстан составил – 17,6 миллиона тонн, в том числе на железнодорожном транспорте – 16,12 миллиона. По словам специалистов МИР РК, в целом, отмечается выполнение плана.

При этом план на 2018 год составляет 17,5 миллиона тонн, в том числе на железнодорожном транспорте – 16 миллионов. Таким образом, по железнодорожному транспорту план уже перевыполнен.

Вместе с тем, объем контейнерных перевозок по итогам 11 месяцев 2018 года составил 468,8 тысячи контейнеров в ДФЭ (20-футовый эквивалент) и увеличился на 50% по сравнению с соответствующим периодом прошлого года (11 месяцев 2017 года – 311,5 тыс. контейнеров ДФЭ).

По итогам года планируется перевести 536 тысяч контейнеров в ДФЭ.

Асель ШАЙХЫНОВА

МЕДИЦИНСКИЕ ПОЕЗДА

**СТАНЦИЯ ЗДОРОВЬЯ**

Завершили свою работу медицинские поезда «Денсаулық» и «Саламатты Қазақстан». В рамках проекта в этом году поликлиника на колесах посетила 127 станций, проехав более 17 000 километров железнодорожных путей. Количество врачебных посещений при этом составило порядка 192 000 человек.



Мадина КУРМАНГАЛИЕВА

Об этом стало известно в ходе пресс-конференции в Астане, посвященной подведению итогов масштабного социального проекта. Спикерами мероприятия выступили генеральный директор Фонда развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» Диас Азбергенов и главный врач железнодорожной больницы города Алматы Арзикул Кенжеев. Они подчеркнули важность данного проекта и отметили, что благодаря его реализации жители отдаленных населенных пунктов страны могут получить качественную медицинскую помощь, что значительно повышает качество жизни населения, одним из условий которого является высокий уровень здоровья.

Так, за время реализации социального проекта в этом году бригадами медицинских поездов было проведено свыше 67 000 ди-

агностических процедур, 3 000 малых хирургических операций, маммологический осмотр прошли 2 500 женщин, стоматологическая помощь оказана более 8 700 жителям отдаленных станций и разъездов Казахстана.

**« В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТА В ЭТОМ ГОДУ МЕДИЦИНСКИМИ БРИГАДАМИ ОБСЛЕДОВАНЫ 41 360 ЧЕЛОВЕК, СРЕДИ НИХ СВЫШЕ 6 000 ДЕТЕЙ. »**

– Согласно итогам проекта, в течение всей работы нынешнего года врачи обследовали 41 360 человек, среди них свыше 6 000 детей. При этом количество врачебных посещений составило порядка ста девяносто двух тысяч (192 195), – сказал Диас Азбергенов.

Напомним, медицинские поезда отправились в трехмесячное курсирование со станций Караганда и Алматы-1 третьего сентября текущего года, их путь охватил 9 регионов страны – Ал-

матинскую, Туркестанскую, Карагандинскую, Павлодарскую, Атыраускую, Мангистаускую, Костанайскую, Кызылординскую и Восточно-Казахстанскую области.

Большие очереди людей выстраивались к таким специалистам, как терапевт, педиатр, невропатолог, окулист, ЛОР, гинеколог, хирург, уролог, маммолог и стоматолог. Все они являются врачами первой и высшей квалификационных категорий. В поезде предусмотрены различные виды диагностического оборудования, благодаря которому каждый из аппаратов мгновенно выдает пациенту на руки полученный снимок, а результат сданных анализов не заставляет долго ждать.

Как рассказал Арзикул Кенжеев,

благодаря проекту многие жители станций и прилегающих к ним населенных пунктов впервые за долгое время посетили квалифицированных врачей, обследовались на наличие заболеваний. Он отметил ситуации, когда врачи буквально спасали жизни пациентам. Так, по его словам, были выявлены случаи туберкулеза, острых сердечно-сосудистых заболеваний, а также доброкачественной опухоли. Вместе с тем, в этом году врачами определены 5 самых распространенных заболеваний. К ним относятся артериальная гипертония, ишемическая болезнь, сахарный диабет, хронический бронхит и эндемический зуб.

Стоит отметить, что всего за время работы проекта было задействовано 10 медицинских бригад поочередно. Все пациенты получили необходимую первую помощь, профессиональные консультации и направления на дальнейшее лечение в ближайшие медицинские центры.

ТАСЫМАЛ

**ВАГОН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ЖОҚ**

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бас директорының операциялық жұмыс жөніндегі орынбасары Мұқтар Жамбыловтың мәлімдеуінше, ағымдағы жылдың 11 айында 233 млн тонна жүк тиелсе, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 6% артық.

Қызғалдақ ЖАҚЫПБЕКОВА

Соның ішінде Қазақстан бойынша 156 млн тонна тасымалданса, экспорт – 77,5 млн тонна. Ал астық 7,8 млн тонна тиелсе, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 57% көп. Қазақстандық астық пен ұнның негізгі тұтынушылары – дәстүрлі Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан және Иран. Жыл соңына дейін 11 млн тоннадан астам астық тиелсе, бұл өткен жыл деңгейінен 30% артық. Сонымен бірге экспортқа

8,7 млн тонна жөнелтілсе, өсім 47% құрап отыр.

«Нұр Отан» партиясының «Қазақстан 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» Сайлаудың бағыты бойынша партия отырысында теміржол көлігімен биылғы астық тасымалы жайлы осындай мәліметтерді алға тартқан Мұқтар Жамбылов вагон жетіспеушілігі жоқ екендігін жеткізді. Республикада әр түрлі жеке иелікте 135 мың вагон тіркеуде болса, оның 39% пайызы

– «Қазтеміртранс» АҚ иелігіндегі вагондар.

– Ағымдағы жылдың 11 айында «Қазтеміртранс» АҚ вагондарына тиелген астық көлемі 23,7 млн тонна болса, бұл барлық экспорттың 30% шамасын құрайды және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 млн тоннаға асқан. Шамамен астықтың 51% «Астық Транс» АҚ және «Теміртранс» АҚ вагон паркіне тиелген, деген ҚТЖ өкілінің айтуынша, биылғы астық пен ұнтақ өнімдерін тасымалдау үшін жылжымалы

құрамның жетіспеушілігі астық тасушылардың және вагондар айналымы уақытының аздығымен тікелей байланысты. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ мәселені шешуді Ауыл шаруашылығы министрілігі атынан Азық-түлік корпорациясының астық сақтау алу бойынша интервенция жүргізу қажеттігінен көреді. Бұл жыл бойы өнімдерді біркелкі тасымалдауға мүмкіндік беріп, тасымалдық дүрбелеңді болдырмайды.

Көршілес теміржол өкімшіліктерінің инфрақұрылымдық шеңберлері, сондай-ақ қазақстандық порттардың астық терминалдарының өткізу қуаты орташа вагон ағымын айтарлықтай арттырады. Мысалға, экспорттық қатынасқа жөнелтілген астықтасушы-вагондардың орташа айналымы 33 тәулікті құраса, есептік айналымда 15 тәулік, жүк операцияларында орташа тұрып қалу уақыты 6,2 тәулікті құраған.

ТРАНЗИТ

**ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН В ГЕРМАНИЮ**

Первый контейнерный поезд японской компании Nippon Express отправился из китайского Сианя в Дуйсбург (Германия) транзитом через станцию Алтынколь и сухой порт СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота». Организатором отправки выступило АО «KTZ Express».

Роман ЛЮБИМОВ

В составе поезда – 41 контейнер со сборным грузом: механическим оборудованием, автомобильными запчастями, электронной и промышленной продукцией. Составу предстоит преодолеть более 10 тысяч километров, третья часть из них он проследует по территории

Казахстана. Успешная реализация проекта стала итогом совместной работы мультимодальных логистических компаний АО «KTZ Express» при активном участии филиала KTZ Express Hong Kong Ltd. и японской Nippon Express, отметили в пресс-службе АО «KTZ Express».

Напомним, в начале ноября в Шанхае компании подписали агентский договор, согласно ко-

торому АО «KTZ Express» и Nippon Express являются логистическими партнерами. Планируется, что документ не только укрепит сотрудничество, но и позволит увеличить объемы транспортировки грузов в контейнерах по территории Казахстана между Японией и странами Евросоюза, Центральной Азии и СНГ.

Ранее главы государств Казахстана и Японии сделали сов-

местное заявление «Об особом стратегическом партнерстве между Республикой Казахстан и Японией в век процветания Азии». Кроме того, в рамках сотрудничества состоялся ряд «круглых столов» и других мероприятий, для японских грузоотправителей организованы два ознакомительных семинара. К тому же был подписан меморандум о сотрудничестве.

АЙЛЫҚ

**ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ**

Қараша айының 1-і мен 30-ы аралығында Астана станциясында өткен «Техникалық оқуға – ерекше назар» айлығының мақсаты қозғалыс саласы мамандарының білім деңгейі мен біліктілігін арттыру болды.

Шаралар жоспарын жасап, бекіткен станция басшылығынан шұғыл жұмыстар жөніндегі орынбасар Т.Рахымжановқа және логистика жөніндегі орынбасар Д.Керейбаевқа бейнеролик түсіре отырып, «СЦБ және байланыс құралдарының қалыптасу жұмысы бұзылған немесе СЦБ құрылғыларынан ақау табылған стандартты емес жағдайдағы станция қызметкерлерінің әрекеті» және «Қауіпті жүктер бір жерден ағып тұрған жағдайдағы қызметкерлердің әрекеті» деген тақырыптарда практикалық сабақ өткізу жүктелді. Ол үшін басшы құрамға техникалық кабинетте көрнекі құралдар үшін оқытатын немесе ақпараттық стендлер дайындау тапсырылды. Цех басшылары айлық аясында бір жылдан кем еңбек өтілі бар алғашқы қыстаушылармен еңбекте қауіпсіз тәсілдерді қолдану бойынша викторина түріндегі байқау ұйымдастырды. Айлық барысында жұмыс киімі мен аяқ киімінің макеті көрсетілді. Қызметкерлерінің білімін нығайта отырып, теміржолдағы қауіпсіздікті күшейтуге атсалысып отырған ұжымда бұл шараға барлығы 96 адам қатысты. Сабақтар кезіндегі бейнероликтерді кезекшілік аппарат өздері түсіріп, стандартты емес жағдайлар кезіндегі қызметкерлердің әрекетін көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, айлық нәтижелі өтті дегуе болады.

Сонымен қатар қауіпсіздікті басты назарда ұстайтын қозғалысшылар желтоқсан айындағы шараларын рейдпен бастады. Бұл әдеттегідей аса қауіпті аймақ саналатын темір жол бойында бөгде адамдардың жүрмеуі, белгіленбеген жерден кесіп өтуге қатысты шара болды. Жолды кез келген жерден кесіп өткен 13 адаммен түсініктеме жүргізілді. Оларға темір жолмен өту ережелері жазылған жадинамалар мен брошюралар үлестірілді. Мұндай рейд екінші рет осы айдың 26-да тағы да өткізілмек.

Нұрай СӘРСЕНГАЛИ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

**ЖАҚСЫЛЫҚ  
ЖАСАП ЖАРЫСУДА**

Достық станциясында «Жақсылық жасап жарысайық» атты қайырымдылық акциясы өткізілуде. Шара мақсаты – станциядағы аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балаларына көмектесу.

Станция ғимаратының бірінші қабатына қойылған қайырымдылық жәшігіне теміржолшылар өз қалауларымен ақша салуды желтоқсан айының басында бастаған. Ол жәшік осы айдың 25-де ашылып, жиналған қаржыға станцияда еңбек ететін табысы аз, күн көрісі төмен теміржолшылар отбасындағы балаларға керекті заттары сатып алынып берілмек.

Станция бастығы Молдахмет Қожабековтің айтуынша, олар осы акция арқылы жағдайы төмен отбасыларға жаңа жыл қарсаңында тосын сый жасамақ. «Ешбір бала жаңа жылда «аяз атаның сыйлығынсыз қалмауға тиіс» дейді ол. «Станция бастығы жылы» аясында ұйымдастырылып отырған қайырымдылық шарасынан Достық теміржолшыларының ешқайсысы тыс қалмады.

Ұлан ОРАЗ

БҮГІНГІ САН

**ДОСТЫҚ – АЛАШАНЬКОУ:  
АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ 11  
АЙДА ЖҮК АЙНАЛЫМЫ**

**11** МЛН

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ



railnews.kz

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



Тараз темір жол көлігі және коммуникация колледжінде «Дифрлы қадам – біздің болашағымыз» атты мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық орталығы ашылды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облыстық департаментінің ұсынысы бойынша ашылған орталықтың тұсаукесер рәсімінде колледж директоры Нұржан Нұралиев аталған шара Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауына қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылып жатқанын айтып өтті. Қонақтар электрондық орталықтың жұмысымен, оны 88 жылдық тарихы бар оқу орнының бай материалдық базасына қосылған бір игілік деп бағалады, сонымен қатар жиналғандар колледждің тыныс-тіршілігімен де танысып, пән кабинеттерін аралап, мұражайына кішігірім саяхат жасады. Арнайы пән оқытушысы Т.Ділдобеков бағыттама бұрамаңыз қызметін, ал машинист көмекшісі зерханада студенттердің іс-тәжірибесін виртуалды тренажер арқылы көрсетті.

Іс-шара «Рухани дамыту» орталығында жалғасын тауып, онда Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы колледж студенттерімен бірге талқыланды. Жыын соңында қонақтар оқу орнының басшылығына алғыс айтып, болашақ теміржолшыларға сапалы білім алып, ел экономикасында стратегиялық маңызға ие темір жол саласының білікті маманы болуларына тілектестік білдірді.

Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ, Тараз  
Суретті түсірген автор

## МАҚАТТЫҚТАР ӨТІНІШІ

Биылғы жылы 1 кластан «кластан тыс» станция дәрежесіне өскен Мақат станциясы тоғыз жолдың торабы саналады. Мұнда республикалық және халықаралық дәрежедегі 14 жұп пойыз өтеді.

Соның ішінде «Куляб-Мәскеу», «Ташкент-Волгоград», «Душанбе-Мәскеу», «Ташкент-Үргені-Саратов», «Худжанд-Мәскеу» транзиттік пойыздары, «Атырау-Құлсары» жұмысшы пойызы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты «Атырау-Алматы» (Тальго вагондарынан құралған), «Атырау-Астана-Нұрлыжол», «Атырау-Алматы-1», «Атырау-Астрахань», «Атырау-Маңғыстау», «Атырау-Ақтөбе» пойыздары бар. Жолаушыларға қызмет көрсететін 50 орындық Мақат вокзалы 1966 жылы салынған, бірақ 2014 жылы жөндеуден өтіп, қазіргі кейіпі жаман емес. Вокзал бастығы Бибігүл Бозжігітованың айтуынша, вокзалда анықтама, билет кассалары, депо кезекшілері, 2 диктор, тәртіп сақшылары арналған бөлмелер бар. Тәулігіне шамамен 100-120 билет сатылады. Мақатқа Сағыз, Мұқыр, Жантөрек, Кенбай, Жамансор, Доссор, Ескене, Таскескен вокзалдары да қарайды екен. Тоғыз вокзалда барлығы 34 қызметкер бар. «Жұмысымыз жақсы, барлық станция-бекеттердің вокзалдары, билет кассалары қалыпты жұмыс жасауда. Осы орайда айта кетерлігі, мақаттық тұрғындардың бір өтініші бар – станцияға Тальго пойызы тоқтамайды, халық соны көп сұрайды. Кластан тыс станция статусы болған соң жүрдек пойыз тоқтаса жақсы болар еді» дейді вокзал бастығы.

Қосұым МҰҚАШЕВ, Атырау

## ҚҰРЫЛЫС БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ НӘТИЖЕЛІ

Өткен жылдың жұмыс қорытындысы жөндеу-құрылыс бригадасын құруға қатысты ілімді жобаның нәтижелі болғанын айқындап берді. Осыны ескерген «ҚТЖ» ұлттық компаниясының басшылығы 2018 жылдың басында еліміздің барлық магистральдық желі бөлімшелерінде жөндеу-құрылыс бригадаларын тираждауды мақұлдаған болатын.

Сатып алу үдерісін жеделдету үшін магистральдық желі бөлімшелеріне жергілікті жерде құрылыс материалдары мен аспаптарын сатып алуға құқық берілген болатын. Сонымен қатар өткен жылдың күзгі комиссиялық байқау қорытындысы бойынша жөндеу-құрылыс бригадаларының жұмыс жоспары жасалып, 657 ғимаратқа ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған болатын. Бұл жеке 100% толығымен орындалды. Сондай-ақ, биыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысының тапсырмасына орай, сала еңбеккерлерінің санитарлық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында санитарлық-тұрмыстық бағыттағы 222 ғимаратқа жөндеу жүргізілді.

Магистральдық желі дирекциясы мамандарының айтуынша, қыс маусымында жөндеу-құрылыс бригадалары ғимараттың ішкі ағымдық жөндеу жұмыстарын орындайды екен. Атап айтқанда, төбе жабыңдыларын, жылу беру құрылғыларын тексеру, ақаулықтарын жою, қар тазалау, тағысын тағы ұсақ-түйек шаруалар. Мәселен, 2018-2019 жылдардың қыс маусымына жоспарланған жөндеу-құрылыс бригадаларының жұмыс көлеміне келсек, ағымдық жөндеуді қажет еткен 174 ғимарат анықталған, соның қараша айында жөнделгені – 36 бірлік.

Мамандар жалпы жөндеу-құрылыс бригадаларының ұйымдастырылуы магистральдық желі бөлімшелеріндегі өндірістік персоналдар мойнынан олардың функцияларына кірмейтін шаруаларды алып, Магистральдық желі дирекциясы қарамағында жұмыс істейтін еңбеккерлердің санитарлық-тұрмыстық және де өндірістік ғимараттардың жағдайларын жақсартуға ықпал еткенін айтып отыр.

Сұлугұл БАКЕВОВА

ТРАНЗИТ

## МИЛЛИОНДАРДЫ БАҒЫНДЫРҒАН БЕКЕТ

Халықаралық темір жол қатынасын дамытуда ерекше рөл атқаратын Достық станциясының статусы ерекше. Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржол өткелі арқылы биылғы 11 ай мен желтоқсан айының 20 күніндегі көрсеткіш өне-міне 11 миллионды бағындырмақ.



Райхан РАХМЕТОВА

Қазақстан мен Қытай теміржол өткелі арқылы импорттық және экспорттық жүк айналымы, кешегі күні, дәлірек айтсақ, 10 млн 900 мың тоннаны құраған. Ал былтыр бұл көрсеткіш 8 млн тоннадан астам болған. Демек, өткен жылдан біршама өсім бар.

Еуропа мен Азия елдерінің арасындағы экономикалық байланыстарды жүзеге асыруда маңызды орын алатын ерекше статусы станция 800 адамды жұмыспен қамтып отыр. Жалпы Достық-Алашанькоу халықаралық шекара өткелі 1991 жылы іске қосылғаны белгілі. Аталған шекаралық өткел Азия-Тынық мұхиты аймақтарын, Таяу Шығыс, Шығыс және Батыс Еуропаны байланыстыратын қосымша транскүрлықтық бағдар құра отырып, еліміздің аумағы арқылы Еуропа-Азия қатынасында халықаралық көлік арқылы жүк тасымалдауды қамтамасыз етуге септігін тигізуде. Бұл жаңа жол бағыты жүк тасуды Еуропадан Азияға дейінгі су жолымен салыстырғанда 50 пайызға қысқартты және Қытайдың оңтүстік

«АТЛҒАН ШЕКАРАЛЫҚ ӨТКЕЛ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ АЙМАҚТАРЫН, ТАЯУ ШЫҒЫС, ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПАНЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ҚОСЫМША ТРАНСКҰРЛЫҚТЫҚ БАҒДАР ҚҰРА ОТЫРЫП, ЕЛІМІЗДІҒ АУМАҒЫ АРҚЫЛЫ ЕУРОПА-АЗИЯ ҚАТЫНАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК АРҚЫЛЫ ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ СЕПТІГІН ТИГІЗУДЕ.

жағалауындағы теңіз порттарын қысқа жолмен Қазақстан, Ресей, Украина және Белоруссия сауда-өнеркәсіп орталықтарымен байланыстырды. Бүгінде шекаралық станция пойыздарды қабылдау және жөнелту, теміржол ендерін ауыстырумен байланысты вагоннан вагонға қайта тиеу, Қазақстан және басқа да мемлекеттердің жүйесіне келетін, әрі жөнелтілетін құрамдарды құрастыру және тарату бойынша операциялардың толық кешенін жүзеге асырады.

Станцияда үш қабылдау-жөнелту парк және құрамдар мен вагондарды кедендік тексеруге арналған бір парк бар. Стратегиялық маңызды

нысанның екі алып цехы бар. Жүк және қозғалыс цехтарындағы қызметкерлерден бөлек 5 станция кезекшісі, 5 маневрлік диспетчер, 10 орталықтандырылған станция қосынны кезекшісі, 55 пойыз құрастырушы, 5 дөңес кезекшісі, 5 диспетчерлік қосын операторы, 5 дөңес операторы, 20 парк кезекшісі, 10 белгі беруші, 40 реттеуші, 5 қытай тілінің аудармашысы, 300-ден астам жүк қабылдап-жөнелтушілер, сонымен қатар агенттер деген мамандық иелері қызмет етеді. Тарихи тәуелсіздіктің басталуымен сәйкес келетін станцияның алып ұжымына атқарар міндет пен артылған жауапкершілік ауқымды.

1991 жылы қыркүйекте Достық станциясы арқылы Қазақстан мен Қытай арасында жүк тасу, ал 1992 жылы маусымда жолаушылар тасу жүзеге асырылды. 1994 жылдан бастап Достық-Алашанькоу станциялары арқылы халықаралық жүк тасу жүргізіле бастады.

Бүгінде Достық станциясында басымдық контейнер тасымалына беріліп отыр. Екі ел арасында контейнер айналымы жыл сайын ұлғайып келеді. Өйткені, Еуропа, Өзбекстан, Иран, Ресей, Грузия, Әзербайжан, Түрікмен, Белоруссия, Латвия, Финляндия елдеріне бағытталған контейнерлік жүктер осы Достық станциясы арқылы қатанауда. Жалпы 2020 жылға дейін контейнермен тасымалданатын жүк көлемі жеті есе өсіп, екі миллион контейнерге дейін жетуі тиіс. Бұл көрсеткіш – әрине, су, авто және теміржол саласын қоса алғанда болатын жағдай. Соның ішінде теміржолдың үлесі ерекше болмақтты. Осы ретте, транзиттік тасымалдың әлеуетін арттыруда мемлекетаралық шекаралық Достық түйіспе станциясы маңызды рөл атқарып отыр.

БАЙҚАУ

## ЕҢ ҮЗДІК СТАНЦИЯ КЕЗЕКШІСІ

Ұлттық Компания бойынша ағымдағы жылдың «станция бастығы жылы» болып жариялануына байланысты станция-бекеттерде еңбек үздіктерін анықтауға бағытталған шаралар көптен өткізілуде.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің Жосалы станциясында да аталған тақырыпта ең үздік станция кезекшісін анықтау үшін байқау өткізіліп, додаға түскен теміржолшылардың білім мен біліктілігі, еңбек тәжірибесі, олардың қиын жағдайдан жол тауып шыға білу шеберлігі сыңға салынды. Жосалы станциясының бастығы Бауыржан Баянов төрағалық еткен станция кезекшілерінің сыны 3 турдан құралып, балдық жүйемен бағаланды. Станция бастығының орынбасарлары Нұрболат Досжанов, Ғалым

Шалабаев және Бағдагүл Исмағұлова кезекшілердің жауаптарын бағалап отырды. Балдық жүйемен өткізілген станцияның үздік кезекшісін анықтаған конкурстың алғашқы туры сұрақ-жауап түрінде, екінші тур білімі мен біліктілігін тәжірибе жүзінде байқау, практикалық тұрғыдан сараптау болса, ақырғы тур кез келген тосын жайдан оңай шығу жолын табу болып белгіленіпті. Станция кезекшілерінің әр турда берілген тапсырмаларға орай берген жауаптары олардың жан-жақты әзірленгенін байқатты. Әйтсе де «жүзден жүйрік» мұнда да табылып, станция кезекшісі Бақытбек Прмаханов Жосалы



ры олардың жан-жақты әзірленгенін байқатты. Әйтсе де «жүзден жүйрік» мұнда да табылып, станция кезекшісі Бақытбек Прмаханов Жосалы

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ ҚАТАҢДАТЫЛМАҚ

Жуырда Шу станциясында пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі мен ережелерін сақтау, қозғалыс қауіпсіздігін бұзу оқиғаларының алдын алу, «ҚТЖ» ЖТ-Жамбыл бөлімшесінің Шу аймағы филиалында қызмет талаптарын орындау бойынша семинар-кеңес өтті.

Динара БАТЫРХАИРОВА,  
Шу станциясы

Пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұйымдарында профилактикалық жұмыстар жүргізу деңгейі мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бақылауды арттыру мақсатын көздеген бұл жылына станция басшылары, тораптағы темір жол мекемелерінің басшылары, инженерлік-техникалық мамандар, қозғалыс ревизорлары қатысты.

Алғаш сөз кезегін алған Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі бастығының Шу аймағы бойынша орынбасары Д.Сыдықов семинардың күн тәртібімен таныстырып, күнделікті жұмысқа

қатысты мәселелерді, өз жұмысына қатысты міндеттерді әркім білгенімен, жұмыс барысында оққылықтарға жол беріліп отырғандығын, сондықтан қауіпсіздік талаптарын қатаңдату қажеттігін айтып өтті.

Бөлімшенің қауіпсіздік қызметінің басшысы Б.Айтқұлов апатты жағдайдың алдын алу үшін орындалатын қосалқы станция кезекшісінің іс-әрекеті мен қауіпсіздік ережелері жөнінде баяндама жасады. Ол өз сөзінде ауыр салмақты жүк пойыздарының қауіпсіздігін сақтау, оның станцияға тоқтау уақытын белгілеу қосалқы станция кезекшілері реттеп отыратын міндеттер екенін мәлімдеді. Сондай-ақ, көп құрамды

пойыздар қауіпсіздігі, қатты желдің контейнерлерге келтіретін зиянын алдын алу, ауа райының қолайсыз жағдайларында локомотив бригадасы тарапынан жасалатын жедел шаралар жөнінде де тыңғылықты түсіндіріп, көптеген оқыс оқиғалар қосалқы станция кезекшілерінің салғырттығынан орын алып жататындықтан, олардың бағыттамамен дұрыс жұмыс жасай білу керектігін жеткізді.

Ал, өндірістік оқуы шебері Н.Калыков «АЛЬСТОМ» бағытта-масының жұмысы, дұрыс орнала-суы, орнату, құру тәсілдері жөнінде түсіндірді. «Өзге бағыттама-ларға қарағанда «АЛЬСТОМ» бағыт-тамасының параметрінде ерекшелік бар. 1 мм аралыққа жылжып кетуінің өзі үлкен кемшілікке алып келеді. Кей кезде екі бағыттамамы да бұру қажеттігі туындайтын жәйттер де болады», – дейді Н.Калыков.

Сондай-ақ Шу станциясының сыз-басы бойынша маневрлік локомотивтердің бір-біріне кедергісіз жұмыс жасау жолдары бойынша қозғалыс қауіпсіздігі ревизоры Б.Джамашев, тежегіш тетіктерді орнату және Шу, Тараз,

станциясының «ең үздік кезекшісі» деген атақ лайық деп танылып, арнайы диплом мен бағалы сыйлыққа ие болды.

– Конкурс кезінде үміткерлерге техникалық қауіпсіздік, өндірістік санитария талаптары, қызметтік міндет инструкцияларын меңгеру деңгейі, жұмыс барысында кез келген өндірістік кемшілік жібермеген болу және еңбек тәртібін сақтау, жұмысты ұйымдастыру қабілеті секілді теміржолшыдан талап етілетін міндеттер түгел сын тәзіне салынды. Нәтижесінде станция кезекшісі Бақытбек Прмаханов ең үздік деп таңдалды, – дейді Жосалы станциясы басшысының орынбасары Нұрболат Досжанов.

Станция кезекшілерінің бекеттегі өндірістік жұмыс барысында маневрлік жұмыстарды ұйымдастыруы, пойыздардың құрастырылуы және кесте бойынша бекеттен пойыздар тізбегін өткізу шеберлігі секілді кезекшілердің күнделікті атқаратын жұмыстарын саралаған конкурс қатысушыларға да, станциядағы түрлі мекемелерден келіп үміткерлерге жанкүйер болған теміржолшыларға да қызықты өткені анық.

Суретті түсірген автор



## ЦИФРОВИЗАЦИЯ

## БЕЗОПАСНОСТЬ НАЧИНАЕТСЯ С ДИАГНОСТИКИ

Современная эксплуатация железных дорог требует повышенной безопасности, увеличения скоростей движения поездов и пропускной способности. От качества проводимой диагностики и постоянного мониторинга состояния объектов инфраструктуры путевого хозяйства зависит точность прогнозирования предосторожного состояния железнодорожного пути, а также достоверная оценка эффективности выполняемых ремонтных работ.

Маржан БАКИЕВА

За счет комплексной диагностики пути планируется осуществлять оценку качества выполнения отдельных ремонтных работ и своевременное выявление опасных неисправностей, дефектов компонентов железнодорожных путей и дальнейший переход на ремонт по фактическому состоянию пути.

– На сегодняшний день на магистральных сетях АО «НК «ҚТЖ» для диагностики пути применяются съемные и мобильные средства диагностики, – сообщает директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр диагностики» Аслан Акашов.

Ежегодно проверяются более 900 тысяч километров рельсового пути и сварные стыки рельсов. Периодичность контроля – от 2 до 6 раз в месяц.

В 2014-2015 годах проводились научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы (НИОКР) по проекту АСУ «Магистраль». При реализации НИОКР в целях модернизации средств диагностики рельсов в январе 2015 года был разработан и передан в опытную эксплуатацию мобильный диагностический комплекс (МДК) с расширяемыми параметрами на базе одного вагона, оснащенный путеизмерительным оборудова-

нием ЗАО «ПИК ПРОГРЕСС» и дефектоскопным оборудованием «Авикон-03М» производства ОАО «Радиоавионика» (Россия). За счет применения современной лазерной системы измерения геометрических параметров рельсовой колеи и автоматизации процессов обработки и формирования отчетных форм было обеспечено совмещение двух независимых друг от друга диагностических оборудований (дефектоскопного и путеизмерительного). До изготовления МДК путеизмерительный вагон эксплуатировался отдельно со штатом работников 15 человек и дефектоскопный вагон – 16 человек. Итого для эксплуатации двух диагностических вагонов одновременно использовали две локомотивные тяги и привлекали специалистов в количестве 31 человека, что приводило к дополнительным затратам.

На сегодняшний день по результатам удачного совмещения двух систем и автоматизации процессов обработки данных, МДК поддерживает штат работников 18 человек (а также штат в количестве 3 человек занимается постобработкой данных в отделе) и, соответственно, используется одна локомотивная тяга. Эксплуатация МДК не только обеспечивает безопасность движе-

ния поездов, но и приносит экономии средств за счет снижения расходов в 2 раза на локомотивную тягу и содержание вагонной части, а также повышение производительности труда на 22%. К тому же, дополнительные параметры измерения МДК позволяют с помощью сопоставления данных в единой координатной системе проводить полноценный анализ для определения истинной причины появления дефектов в компонентах железнодорожного пути и дальнейшего планирования ремонтных работ по фактическому его состоянию.

С момента опытной эксплуатации МДК, приобретенного в рамках НИОКР с сентября 2015 года по ноябрь 2018 года продиагностировано более 79 тысяч километров пути. В результате выявлено порядка 2 453 километров с неудовлетворительной оценкой состояния пути, обнаружено более 899 остродефектных рельсов, то есть предотвращено более 899 мест изломов рельсов.

Учитывая положительный опыт эксплуатации МДК, на заседании Научно-технического совета АО «НК «ҚТЖ» от 6 января 2016 года под председательством вице-президента компании № НТС/1 было

принято решение о тиражировании проекта АСУ «Магистраль» в путевом хозяйстве филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети».

